



аудандық қоғамдық - саяси газет
районная общественно - политическая газета

АЛТЫН АСТЫК

31 наурыз - март 2025 год

eginredaksiya.kz

№ 11(635)

Егіндікөл аудандық мәслихатының депутаттары мен Егіндікөл ауданы тұрғындарының назарына

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес 2025 жылдың 31 наурыз күні сағат 11.00-де Егіндікөл ауылында сегізінші шақырылымдағы аудандық мәслихатының кезекті 28 сессиясы шақырылатынын хабарлаймын. Сессияның қарауына енгізілетін негізгі мәселе:

1. Егіндікөл ауданында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы.

Баяндамашы: Жұмағұлов Дайрабай Пирбергенұлы – «Егіндікөл ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК басшысының міндетін атқарушы.
2. Егіндікөл аудандық мәслихатының 2022 жылғы 24 наурыздағы № 7С18-2 «Егіндікөл ауданында сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы орындау бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы» шешімін орындау туралы.

Баяндамашы: Курушин Юрий Викторович – Егіндікөл ауданының әкімі, Егіндікөл ауданы әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комиссиясының төрағасы.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырысы сағат 10.00-де өтеді.

Егіндікөл аудандық мәслихат сессиясының Онлайн көрсетілімі Facebook платформасында <https://www.facebook.com/profile.php?id=100053669980397> өткізіледі.

Қ. Шынтемиров,

Егіндікөл аудандық мәслихатының төрағасы

К сведению депутатов Егиндыкольского районного маслихата и населения Егиндыкольского района

В соответствии с пунктом 3 статьи 10 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» сообщаем, что 31 марта 2025 года в 11.00 часов в селе Егиндыколь созывается очередная 28 сессия Егиндыкольского районного маслихата восьмого созыва.

На рассмотрение сессии вносятся основные вопросы:

1. О проводимой работе по организации отлова и уничтожения бродячих собак и кошек в Егиндыкольском районе.

Докладчик: Жумагулов Дайрабай Пирбергеневич – исполняющий обязанности руководителя ГКП на ПХВ «Ветеринарная станция Егиндыкольского района».

2. О выполнении решения Егиндыкольского районного маслихата от 24 марта 2022 года № 7С18-2 «О принимаемых мерах по профилактике коррупционных проявлений и исполнение антикоррупционного законодательства в Егиндыкольском районе».

Докладчик: Курушин Юрий Викторович – аким Егиндыкольского района, председатель комиссии по противодействию коррупции при акимате Егиндыкольского района.

Заезд депутатов Егиндыкольского районного маслихата в 09.30 часов.

В 09.45 часов состоятся заседания постоянных комиссий районного маслихата.

Онлайн-трансляция сессии Егиндыкольского районного маслихата будет проводиться на платформе Facebook <https://www.facebook.com/profile.php?id=100053669980397>

К. Шинтемиров,

председатель Егиндыкольского районного маслихата

Ұлыс оң болсын!



Наурыз - жыл басы. Парсы тілінде «нау» - «жаңа», «руз» - «күн» деген ұғымдарды білдіреді. Халық наурыз мерекесіне алдын - ала дайындалады. Дәстүр бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл - тоқшылықтың белгісі. Табиғатпен байланыс күн Анаға деген тағзымнан көрінеді. Наурыз - достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Дастарханның басты асы наурызкөже болған. Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!», - деп бата береді.

Жылдағы дәстүр бойынша Егіндікөл ауданы да мерекені дүркіретіп тойлады. Орталық алаңға қазақтың қасиетті киіз үйі құрылып, іші ұлттық нақышта безендірілді. Аудан тұрғындары мен қонақтары үшін наурыз көже, өзге де түрлі тәтті тағамдар тегін таратылды. Бұл да болса қазақ халқының жомарттығы мен кеңпейілділігінің белгісі болса керек. Алаңда орнатылған алтыбақанда балалар мен бозбалалар тербетіліп, мереке көркін аша түскендей. 22 наурыз - Ұлыстың ұлы күні. Бұл күні күн мен түн теңеледі. Табиғат та, Жер-Ана да, жан-жануар да түлейді, жаңарады. Адамзаттың бойында қан жүгіріп, тал-теректер бүршік жарады. Қазақтың сайын даласын

Қыдыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды. Көктем аруы мен Қыдыр атаның батасымен бастау алған мерекелік концерт қазақтың дәстүрі шашу шашумен жалғасты. Құттықтау сөз кезегін алған аудан әкімі Юрий Курушин Егіндікөл ауданының тұрғындары мен қонақтарына жылы лебізін білдірді. Аудандық мәдениет үйінің қызметкерлерінің әзірлеген мерекелік бағдарлама мерекені жандандыра түскендей. Мың бұрала билеген бишілер, ұлттық аспаптармен орындалған ән шашулар Наурыз мерекесінің қаншалықты маңызды, қаншалықты керемет екендігін көрсете білгендей. Көкте қалықтаған көңілді әуендер әр адамның жүргенінен орын алып, көктем шуағындай сезім беріп, көңіл күйлерін көтере түсті. Дәстүрімізге айналған Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесі өте тамаша өткізілді. Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз мерекесі келді. Жер-ана жасарып, тұмса табиғат бусанып, Ақтың молаятын, Жарықтың ұзаратын, Нұрдың мольғатын, Тіршіліктің жаңаратын, Өмірдің жаңғыратын, Пейілдің түзелетін, Көңілдің кеңітін кезеңі - өз-наурыз мейрамы құтты болсын!

Өз ақпарат

Меншік иесінің назарына

Жылжымайтын мүлік – Егіндікөл ауданы Егіндікөл ауылының Гагарин көшесі бойынша орналасқан тазарту құрылыстары кешенінің ғимаратын иесіз деп тану туралы жүргізіліп отырған жұмысқа байланысты, Егіндікөл ауданының экономика және қаржы бөлімі жылжымайтын мүлік иелерінің (егер бар болса) жарияланғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде құқық белгілейтін құжаттарымен Егіндікөл ауданы, Егіндікөл ауылы Жеңіс көшесі, 6 мекенжайға келуін өтінеді. Содан кейін төменде келтірілген жылжымайтын мүлікті иесіз және ауданның коммуналдық меншігіне түсті деп тану туралы сотқа өтініш жолданады.

Вниманию владельца собственности

В связи с проводимой работой о признании бесхозяйным недвижимого имущества - здание комплекса очистительных сооружений, расположенного по улице Гагарина в селе Егиндыколь, Егиндыкольского района, отдел экономики и финансов Егиндыкольского района просит владельца недвижимости (если таковые имеются) явиться по адресу: улица Победы, 6, село Егиндыколь, Егиндыкольского района, с правоустанавливающими документами, в течении 5 рабочих дней после опубликования. После чего будет подано заявление в суд о признании недвижимого имущества бесхозяйным и поступившим в коммунальную собственность района.

Жадымда тұрар жаңғырып...

Жас қартаймақ, жоқ тұмақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрмек қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.-
деп ұлы да дана Абай жырлап кеткендей қасиетті
Рамазан айында - 2025 жылдың наурызының 11-
жұлдызының кешінде әрі әріптесім, әрі досым-
сырласым Құттыбаева Райхан Асайқызы (күнделікті
өмірде Роза Асаевна деп атаушы едік) дәм-тұзы
таусылған шағында дүниеден озды. 08.05.1955 ж
Жақсы ауылында жарық дүниенің есігін ашыпты.
Кейіндер Жалманқұлақ ауылында тұрып, мектепке
барған екен. Ал 1975-1981 жылдар арасында
Қарағанды медицина институтында білім алып,
педиатр мамандығын меңгерген. 1981-1994 жылдары
Торғай облысының аудандарында жемісті қызмет
атқарған. Біздің ауданға 1994 жылдың жазында
келгені есімде. Орта бойлы, аққұба келген, дөңгелек
жүзді, бота көзінен нұр шашқан қызыл шырайлы сұлу
келіншекпен бас дәрігердің қабылдау бөлмесінде
танысып едік. Міне, біз алғаш жүздескен сол бір
жаздың шуақты күнінен беріде 30 жылдан астам уақыт
өтіпті. Роза Асаевна жиған - терген тәжірибесін, алған
білімін, түйген ойын сіз бен біздің балаларымыздың
денсаулығын сақтау саласына арнаған екен.
Райхан туа біткен дәрігер еді, өмірі кәсіби деңгейін
жоғарылату үшін ізденіспен, оқумен өтті. Жоғарғы
санатты педиатр атағын алды. Талай баланың
өміріне араша бола білді. Ерен еңбегімен атағын
облыс көлеміне паш етті. Ал, көрші аудандардан және
қаладан келіп емделген науқастардың ризашылығын
немен өлшерсіз. Менің бас дәрігерлік қызметім
кезінде Роза Асаевнаға облыстық денсаулық сақтау
бөлімінің бас педиатры қызметі де ұсынылды, бірақ
белгілі бір себептермен бас тартты.
Райхан қамкөл қамқоршы кісі еді. Бүкіл Құттыбаевтар
әулетіне бас - көз болып, балаларын оқытты, өсірді,
қызметке орналастырды, қызын құтты орнына
қондырды, ұлын үйлендіріп құдалықтарын атқарды.
Шиеттей кезінде әке - шешесінен айрылған қос жиенін
асырап алып, көңілінің шуағын, жүрегінің жылуын
бере білді. Сол егіз - Мадияр мен Владияр ер жетті,
оқуларын бітіріп бір-бір маман иелеріне айналды, алды
үйленді. «Бар арманым - Владиярды үйлендіру», - деді
маған соңғы сырласқанымызда. Артында жақсылыққа
жаны жақын, іскер де зерделі маман Луниарадай қы-
зы, Назымбек пен Сандуғаштай жиен - немерелері
қалды. Күйеу баласы Серіктің сал-мақтылығын,
іскерлігі мен мінезін қызынан да жоғары бағалайтын.
Райхан достыққа құрыштай берік, айтылған сырға
жабылған бөрік, көреген де бол-жағыш адам еді.
Шешендігі тағы бар, әсіресе, халқымыздың сирек
айтылатын мақал-мәтелдерін көп білуші еді. Соның
бірі «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» не «Кедейдің

күні кіжинумен өтеді». Көңілім жабырқағанда, жазым
қара суық күзге айналған сәттерде мұңымды
шағуға маңайынан ер азамат таба алмаған Мұқатай
ақындай, Балхия Насырқызы мен Роза Асаевнаны
іздейтінмін. Енді кімге бармақпын?! Өрісім тарылып
қалғандай. Жетімсіреп қалдым. Атақты ақын
Ә.Тәжібаев ағамыз кезінде:
-Бесік пенен табыттың Аралығы екі елі.-
деп қамшының қысқа сабындай өміріміздің қас -
қағымдай сәт екендігін деп басып айтып еді. Сол
бір 30 жылдық сәтті сыйластықпен өткізген екенбіз,
соған да қуанамын, ол да бір ұмытылмас естелік
екен. Еліміздің оңтүстік өңірлеріндегідей бір - біріміздің
аты - жөнімізді атамай «көке, әпше» деп еркелеуші
едік және еркелете де білдік. Ол күндер де елес
болып артта қалды. Не айтарсың тағдырдың жазуына.
Жазмыштан озмыш жоқ екені күмәнсіз. Иә, әлі де
талай рет шуағын төккен көктем келіп, қылышын
сүйреткен талай қыс та өтер өмірі-мізден жылыстап.
Өмір өзінің жалғасын таба берері хақ. Тыныс тарылып,
сыр бере бастаған ет жүрек шаншып, дымқыл
басқан көзіміз жасаурап, кең төсекке сыймай ұй-
қы қашып дөңбекшіген түндерде көз алдыма кезінде
денсаулық сақтау саласының ащысы мен тәттісін
бірге татқан, ауыр жүгін бірге көтерген марқұм
Біріншінов Қайыр-бек Сахуалұлы, Фишер Иосиф
Каспарович, Смайылов Қайрат Ерахметұлы, Ахметова
Балхия Насырқызы, Нұрмағанбетова Дәметкен
Ғибратқызы, Садуақасов Төлеутай Бейсенбайұлы,
Мүсәлімова Дәметкен Оспанқызы, Шкаруба Николай
Александрович, Ахмедов Таги Дашойұлы сияқты
әріптестерімнің жарқын бейнелері кинокадрлар сияқты
тіз-бектеліп өтіп жатуы-заңды құбылыс. Енді сол
қатарға менің әпшем Роза Асаевнаның да бейнесі
қосылды. Бір жағынан артында еске алып отыратын
біз сияқты замандас, көзкөрген әріптестерінің қалуы -
баға жетпес ғанибет іс сияқты көрінеді маған. Ертең
біз сол қатарға - мөңгіліктер шеруіне қосылғанда бізді
еске алып отыратындар некен саяқ бола ма деп
қорқамын. Иә, уақыт өмірді қамшылап, қиқулатып қуып
келеді, қуып келеді. Бір сәт артқа бұрылып қарауға
өмірдің шамасы да, мұршасы да жоқ. Бейне бір
толассыз ағып жатқан өзеннің шексіз айдынында
Розаға арнайы жіберілген мән-гіліктің ақ желкен қайығы
бұлыңғырланып алыстап бара жатқандай. Қош, Роза
әпше, Райхан Асайқызы, топырағың торқа, иманың
жолдас, мекенің жұмақ болғай! Есімің күнделікті таң
асынан кейін оқылатын дұға - аяттарымда айтылып
жатыр, айтыла да бермек. Есімдесің, Роза әпше ...

Темір-Болат Тасқынбайұлы
18. 03. 2025.

Будь здоров

Менингококковая инфекция и ее профилактика

Менингококковая инфекция — это острое инфекционное заболевание, характеризующееся широким диапазоном клинических проявлений — от менингококко носительства до менингита и тяжелейшего менингококкового сепсиса. Опасность инфекции состоит в том, что она может иметь очень быстрое развитие тяжелейших форм с высоким риском летального исхода и возможным влиянием на нервно-психическое последующее развитие ребенка. Менингококковая инфекция объединяет различные клинические формы болезни — от острого назофарингита до молниеносно протекающих менингококцемии и гнойного менингоэнцефалита. Возбудителем болезни является менингококк, открытый в 1887 г. Вексельбаумом. Во внешней среде бактерии очень нестойкие, быстро погибают при высыхании, низкой температуре. Менингококковая инфекция встречается во всех странах мира, во всех климатических поясах. Источником менингококковой инфекции является только человек:

- 1) больные менингитом или менингококцемией;
- 2) лица, инфицированные менингококком, и больные острым назофарингитом;
- 3) «здоровые» носители.

Путь передачи возбудителя как нельзя более прост — воздушно-капельный, т.е. заражение происходит при кашле, чихании, разговоре, поцелуях.

Симптомы общие для менингита и менингококцемии:

- Лихорадка (которая может не реагировать на жаропонижающие средства);
- Тошнота и рвота;
- Слабость;
- Спутанность сознания и дезориентация во времени, пространстве;
- Головокружение, сильная головная боль;

·Беспокойство и возбуждение, судороги.

Профилактика менингококковой инфекции

Для предотвращения заражения необходимо соблюдать простые правила гигиены.

- Нельзя обмениваться напитками, едой, мороженым, конфетами, жевательными резинками;
- Нельзя пользоваться чужими губными помадами, зубными щетками;

Радикальной мерой, препятствующей распространению заболевания, является специфическая вакцинопрофилактика. Профилактические прививки против менингококковой инфекции включены в календарь профилактических прививок по эпидемическим показаниям. Проведение активной иммунизации против инфекции школьников (при регистрации в школе более 2 случаев менингококковой инфекции) и детей перед поездкой в регион, неблагоприятный по заболеваемости данной инфекцией.

Вакцинация людей резко уменьшает число заболеваний генерализованными формами менингококковой инфекции....

В связи с не специфичностью симптомов менингококковой инфекции даже опытные врачи могут ошибаться в диагнозе. Поэтому если при осмотре врач решил, что высокая лихорадка и интоксикация обусловлена другой инфекцией, следует, тем не менее, тщательно контролировать состояние больного, и осматривать тело на предмет высыпаний.

Обнаружение менингококков в носоглотке не свидетельствует о наличии заболевания, а всего лишь о носительстве.

Учитывая вероятность очень бурного развития болезни, не следует затягивать время обращения к врачу с любым заболеванием ребенка.

А. Сеилова,
специалист отдела приема и отбора проб Астраханского
районного отделения «НЦЭ»

Будем помнить

Вот уже 40 дней как ушел из жизни в мир иной наш земляк, один из уважаемых жителей нашего района Роберт Хабириянович Муллаянов. В народе говорят: «Время лечит», но я сказал бы иначе: «Время учит жить с болью или горечью утраты».

По истечении менее и более времени о человеке, прожившем свои короткие 66 лет достойную жизнь, вспоминаются его коммуникабельность, грамотность, общительность, дружелюбие.

Начав свою трудовую деятельность сельским учителем, Роберт Хабириянович в разные годы занимал руководящие должности не только в сфере местных исполнительных органов, но и органах представительной власти. Где бы он не работал, и независимо от занимаемой должности, он для нас - егіндықольцев остаётся очень дружелюбным, отзывчивым человеком.

С супругой Галиной Сергалиевной воспитали 3 сыновей, обеспечили их достойное будущее. Выражая искренние соболезнования родным и близким Роберта Хабирияновича, хочется заверить, что память о добром человеке надолго сохранится в сердцах односельчан.

Нурсайын Аубакиров,
председатель Егіндықольского
районного филиала РОО
«Ветеранская организация»
23 марта 2025 г.

ТЖБ ескертеді

Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі.

Өртті сөндіруден гөрі оны болдырмау оңай екенін ұмытпаңыз. Егіндікөл Төтенше Жағдайлар бөлімі бұл үшін өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелері күнделікті сақтау керек екенін еске салады. Отпен жұмыс жасағанда әрдайым абай болыңыз.



Тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтардың жанында ашық отты пайдаланбаңыз, жататын жерде, коммуналдық сарайларда, қоймаларда немесе жанғыш материалдар сақталатын басқа жерлерде темекі шекпеңіз.

Сіріңкелерді балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз. Есіңізде болсын: ересектерге еліктейтін балалар көбінесе өрттің құрбаны болады. Балаларды ересектердің қарауынсыз жалғыз қалдырмаңыз. Газ және электірлік тұрмыстық техника (үтік, теледидар, ұялы телефон және т.б.) үнемі бақылауды және жақсы жұмыс тәртібін қажет етеді. Өрттің алдын алу үшін оларды қараусыз қалдырмаңыз және балаларға оларды пайдалануға рұқсат бермеңіз.

Электр желілерін шамадан тыс жүктемелерден және қысқа тұйықталудан қорғау үшін тек зауытта жасалған сақтандырғыштарды қолданыңыз. Үйдегі сақтандырғыштарды пайдалану қауіпті – электр панельдеріндегі қатерлер.

Егер сіздің үйіңізде өрт пайда болса, оны дереу 101 телефоны арқылы өрт сөндіру қызметіне немесе 112 жедел қызметіне хабарласыңыз. Бұл жағдайда елді мекеннің немесе ауданның, қаланың немесе ауылдың атауы, көшелер, ғимараттың қабаттары мен саны, өрт болған қабат туралы нақты көсету қажет. Тегі, аты, әкесінің аты және қоңырау шалатын телефон нөмерін көрсетіңіз. Егер адам өміріне қауіп төнгенде, балаларға, қарттар мен науқастарға үйден шығуға шұғыл көмек қажет. Бөлмеде мүмкіндігінше электр қуаты мен газды өшіру керек. Сонымен қатар, сіз импровизацияланған құралдармен өртті сөндіруді бастауыңыз керек. Үйіңізді өрттен қорғаңыз.

Егіндікөл ауданының ТЖБ.

“Рамазан айында жасалған бір игі іс басқа айларда жасалған жетпіс игі іске тең”
(Хадис).

Ораза — Ислам дініндегі маңызды ғибадаттардың бірі, мұсылмандардың жылына бір рет өткізетін айрықша рухани тәжірибесі. Ораза әркім үшін әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін, бірақ оның негізгі мақсаты — кемелдену, өзін-өзі бақылау және өзгелерге жақсылық жасауға ұмтылу. Бұл ғибадаттың мәні — тек тамақтан және сусыннан бас тарту емес, ол адам болмысын жаңартып, өзін-өзі бақылауға, сабыр мен шыдамдылыққа тәрбиелейді. Адамның тәнін ғана емес, жаны мен жүрегін де тазартуға бағытталған. «Аштық пен шөлдеудің мәні жанды асылдандыру мен жүректі жұмсартуға», — деп нақты айтылған. Оразаның адам денсаулығына да пайдасы мол екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Ол ас қорыту жүйесін демалдырып, ағзадағы токсиндердің шығуына ықпал етеді. Дұрыс және уақтылы тамақтану арқылы адам организмін нығайтып, иммунитетін күшейтеді. Ораза ұстаушы адам таңғы уақытта жеңіл ас ішуі мен кешкі уақытта тамақтанудың тәртібін сақтай отырып, денсаулығын қорғауға көңіл бөледі. Оразада ауыз ашу — үлкен мәнге ие. Ораза ұстаушылар кешкі уақытта отбасымен, туыстарымен және достарымен бірлесіп, қуанышты сәттерін бөліседі. Бұл кештерде тек тамақтану ғана емес, ең бастысы — адамдар арасындағы бауырмалдық пен ынтымақтастық нығайды.

“Рамазан айында жасалған бір игі іс басқа айларда жасалған жетпіс игі іске тең”- демекші, осы айдағы жасалған қайырымдылық— адамгершіліктің белгісі, бұл

игі іс өзара көмек пен мейірімділікті нығайтып, қоғамда татулық пен бірлікті қалыптастырады.

Осыған орай біз де басшымыз Касенов Болат Нығметжанұлының бастамасымен Рамазан айында қайырымдылық жасауды жөн көрдік. Ұжыммыз Ақмола облысы білім басқармасының «Көкшетау қаласы, №4 арнайы мектеп-интернаты» оқушылары мен облыстық жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының «Көкшетау қаласы арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» балаларына қажетті тұрмыстық құрал-жабдық пен азық-түлік қораптарын сыйға тартты. Әйткені, балалар — біздің болашағымыз, олар бізден жылулық пен қамқорлық күтеді. «Мыңның біріне бергенше, баланың біріне бер» дегендей, әр баланың қуанышты жүздерін көрудің өзі бақыт. Бүгінгі қайырымдылық акциясы олардың жүректеріне үміт сәулесін шашып, өмірлеріне қуаныш пен мейірім сыйлайды деп сенеміз. Бұл бастаманың да өзгелерге үлгі болары анық.

Қорыта айтқанда, Рамазан айы — бұл тек діни ғибадат жасау ғана емес, сонымен қатар адамзаттың рухани тазаруына, өзімізді жетілдіруге, жақсылық жасауға және өмірдегі ең маңызды мақсаттарымызға жетуге ұмтылатын ай. Алла Тағала тілеген дұғаларымызды қабыл етсін, мейірімін жауып, иманымызды күшейтсін! Сауабы мол Ораза айы құтты болсын!

Н.Тілеубаев,

Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ басшысының орынбасары

Сот кабинеті-

Қол жеткізудің бірыңғай терезесі

Сот кабинеті арқылы сотқа электронды түрде талап-арыз, шағым, өтініш беруге, тіпті мемлекеттік баж салығын да онлайн режимде төлеуге, сот құжаттары мен жалпы сот ісіне қатысты барлық құжатты қадағалап отыруға болады.

Аталған сервис біртіндеп қағаз құжат айналымынан бас тартуға, ол өз кезегінде соттарда сот ісін жүргізудің жаңа сатысына көшуге мүмкіндік береді. Сервистің қағаз түрінен ерекшелігі электрондық нысанда «Сот кабинеті» сервисін пайдаланушы «Іс құжаттары бойынша құжаттар» бөлімі арқылы пікір, қарсы талап арыз, сот процесінің хаттамасына ескертулер, атқару парағын жолдау туралы өтініш, атқару парағының түпнұсқасын беру туралы арыз, сот актілерінің көшірмелерін беру туралы арыз және осы секілді басқа да өтініштерді беруге, электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, электрондық қадағалау іс жүргізуіне қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ пайдаланушыға ыңғайлы мүмкіндік береді. Сот кабинетіне кіру үшін міндетті түрде электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) болуы қажет.

Сот кабинеті халықтың сот органдарының электрондық сервистеріне бір терезеден қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар «Сот кабинеті» арқылы әкімшілік құқық

бұзушылық істерді де жолдау қарастырылған.

Сот кабинетінің мобильді қосымшасындағы сервис істерді қарауға, нақты сот органы бойынша таңдап алу мүмкіндігі мен тағайындалған сот отырыстары туралы ақпаратты (өткізу күнін, орнын, уақытын) онлайн режимде табуға, тапсырылған құжаттар сервисі осы қосымшаны пайдаланушыға мобильдік қондырғыға жүктеу мүмкіндігімен сот органдарына, сот кабинеті «Веб-сервисі» арқылы жолданған барлық құжаттарды көруге, хабарлау сервисі арқылы — пайдаланушыға сот органдарына берген сот құжаттарының мәртебесін бақылап отыруға, сот процесі қатысушыларының күнтізбесі сервисі, күнтізбеге оқиғаларды қосуға, сондай-ақ сіз процесс қатысушысы болып табылатын сот отырысы туралы мәліметтерді көрсетуге, чат сервисі қосымшасы пайдаланушыларына мәтіндік хабарламалармен алмасуға мүмкіндік береді. Бұл механизм сот жүйесіне қолжетімділікті арттырудың кезекті қадамы болып табылады және осы бағыттағы тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз етеді

Г.К.Мусина,

Егіндікөл аудандық сотының бас маманы-

Еурохаттама - сақтандыру оқиғаларын реттеудің жеңілдетілген тәртібі.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мардымсыз жолкөлік оқиғалары (ЖКО) болған жағдайда, азаматтар полицияны шақырмай және соттың шешімінсіз жеңілдетілген тәртіппен сақтандыру оқиғасын ресімдей алады.

Еурохаттама, егер:

- 1) ЖКО-ға екі көлік құралы ғана қатысса;
- 2) ЖКО-ға қатысушыларда қолданыстағы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру болса;
- 3) ЖКО нәтижесінде ЖКО қатысушылардың көлік құралдарына ғана шығын келтірілсе (өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген зардап шегушілер

болмаса, үшінші тұлғалардың мүлкі бүлінбесе); 4) ЖКО-ға қатысушыларда бір тараптың кінәлі, екіншісінің зардап шегуші болуына қатысты келіспеушілік болмаса;

5) келтірілген шығынның шекті сомасы 100 АЕК-ке дейін болса, қолданылады.

ЖКО-ны «Еурохаттама» мобильдік қосымшасы арқылы ресімдеуге болады, қосымшаны App Store және Google Play жүктеуге болады.

А.Е.Ауесханова,

Егіндікөл аудандық сотының Сот әкімшісі

Европротокол - упрощенный порядок урегулирования страховых случаев.

С 1 января 2024 года граждане смогут при незначительных дорожно-транспортных происшествиях (ДТП) оформить страховой случай в упрощенном порядке без вызова полиции и решения суда.

Европротокол применим, если:

- 1) в ДТП участвуют только два транспортных средства;
- 2) у участников ДТП есть действующая страховка: обязательное страхование гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств;
- 3) в результате ДТП вред причинен только транспортным средствам участников ДТП (отсутствуют потерпевшие, которым причинен вред жизни и

здоровью, не пострадало имущество третьих лиц);

4) у участников ДТП отсутствуют разногласия по поводу того, кто является виновной стороной, а кто пострадавшей;

5) предельная сумма ущерба до 100 МРП.

Оформить ДТП можно через мобильное приложение «Европротокол», доступно к скачиванию в App Store и Google Play.

А.Ауесханова,

Егіндікөл аудандық сотының администраторы

Вниманию

сельхозтоваропроизводителей

Септориоз является одной особо опасной болезнью зерновых культур. Поражаются, в основном, пшеница, ячмень. На листьях и стеблях появляются светло - бежевые, светло - бурые пятна с ободком (или без него), начиная с фазы всходов – кущения. В центре образуются мелкие черные пикниды. Стебли часто перегибаются. В 2024 году в Егіндықольском районе было заражено посевов пшеницы септориозом 168 600 га, начальная степень заражения – 123 600 га, слабая степень заражения – 45 000 га. Площадь поражения со слабой степенью подлежала под обработку фунгицидами Меры борьбы: использование здорового материала; ранние сроки посева яровых сортов пшеницы; севооборот; сбалансированное внесение минеральных удобрений; протравливание семян фунгицидами; обработка посевов фунгицидами. Гельминтоспориоз.(темно-бурая пятнистость). В 2024 году в Егіндықольском районе было обследовано на выявление гельминтоспориозом 16500 га. Обнаружена площадь заражения на культуре шеница – 14410 га. Гельминтоспориоз встречается на пшенице, ячмене и овсе. Проявляется на проростках и всходах побурением, пожелтением и деформацией листьев; у взрослых растений - загниванием, побурением и почернением корней; на листьях светло бурые пятна. Меры борьбы: использование устойчивых сортов, лущение стерни, севооборот, предпосевная обработка семян фунгицидами.

Корневая гниль. В 2024 году в Егіндықольском районе было заражено корневой гнилью посевов 11 520 га. На культуре - пшеница выявлена болезнь на площади 7 740 га. Корневая гниль встречается на пшенице, ячмене и овсе. Поражаются корни, узлы кущения и основание стебля. Во влажных условиях на растении появляется налет бело-розового цвета. Поражает всходы и взрослые растения. Характерными признаками заболевания является трухлявость корней, белые стебли, пустые колосья. Меры борьбы: севооборот, лущение стерни, использование устойчивых сортов, посев озимых и яровых в оптимальные сроки, ранневесенняя вспашка зяби, протравливание семян фунгицидами. Стеблевая ржавчина. Проявляется на ранних посевах озимой пшеницы и на поздних посевах яровой пшеницы. К концу вегетации на стеблях и во влагалищах листьев между жилками развиваются продолговатые сорусы. Сорусы могут быть единичными, либо слившиеся в полосы. К концу вегетации на стебле появляются крупные, разрывающие эпидермис телиотспоры, стебель становится черным. Также, наблюдается белоколосие. Бурая ржавчина. Проявляется на листьях и влагалищах растений в виде бурых пустиль. Поражается в фазе молочно-восковой спелости.

На территории Егіндықольского района в 2024 году проявление бурой ржавчины проявилось к концу вегетационного периода яровых культур, вследствие обильных осадков

Меры борьбы: севооборот, лущение стерни, использование устойчивых сортов, посев озимых и яровых в оптимальные сроки, ранневесенняя вспашка зяби, внесение фосфорно-калийных удобрений при посеве.

И.Гусейнова,

РГУ «РМФД и П» КГИ в АПК МСХ РК Фитопатолог

Правила пожарной безопасности в школе

Запрещено приносить в школу взрывоопасные предметы (хлопушки, петарды, фейерверки) и играть с ними. Запрещено приносить в школу и пользоваться любыми зажигательными и курительными принадлежностями (спички, зажигалки, сигареты и т.п.). В школе и на ее территории курить запрещено!

Запрещено приносить и пользоваться в школе легковоспламеняющимися, горючими материалами и жидкостями, газовыми баллончиками. Запрещено разводить костры на территории школы. Нельзя без разрешения учителя включать в кабинете электрические приборы. Не нагревайте незнакомые приборы, упаковки для порошков и красок. Особенно аэрозольные упаковки (металлические баллончики). Помните, опыты проводятся только в кабинетах физики и химии!

Не поджигайте сами и не позволяйте младшим поджигать тополиный пух и сухую траву на территории школы. Это очень ОПАСНО!

В каждом классе есть огнетушитель. Необходимо научиться им пользоваться;

Каждый должен знать, где расположен план эвакуации, и понимать, как выйти наружу, при обнаружении пожара или задымления срочно сообщите учителям, техническому персоналу школы и вызовите пожарных;

ПРИ ПОЖАРЕ ЗВОНИТЬ «101» или «112» С МОБИЛЬНОГО. Помните: «101» и «112» звонок без платно и связь не нужно.



В спортивном зале Егиндыкольской школы №2 состоялся традиционный, ежегодный 14 турнир по волейболу среди девушек, посвященный памяти Почетного железнодорожника Республики Казахстан Жаман Усербаевича Айткожина, и в его лице всех тех, кто завоевал победу в Великой Отечественной войне, кто поднимал страну в послевоенные годы страны из руин.



Айткожин Жаман Усербаевич – Почетный железнодорожник, за годы работы он внес огромный вклад в развитие не только Краснознаменского отделения дороги, но и всего региона. За 47 лет трудовой деятельности прошел путь от простого обходчика до начальника железнодорожной станции. Для развития и популяризации детского и юношеского спорта требуется широкая пропаганда, чего и придерживались организаторы соревнований – Егиндыкольская ДЮСШ, районный отдел внутренней политики, культуры, развития языков и спорта и меценат турнира – сын Жаман Усербаевича – руководитель крестьянского хозяйства «Сункар» Талгат Айткожин, который учредил

призовой фонд турнира в 1 миллион тенге. На торжественном открытии турнира принял участие аким района Юрий Курушин, отметив, что в целях поддержки идей и инициатив главы нашего государства о здоровом образе жизни и здоровом поколении в Егиндыкольском районе активно развивается спортивное – массовое движение, и, конечно же, такой вид спорта как волейбол. К участникам турнира обратился Канат Айткожин, он пожелал юным волейболистам хороших игр и больших побед, отметив, что волейбольный турнир давно стал доброй традицией, в будущем году турнир станет юбилейным – 15 по счету. В турнире приняли участие 5 команд из Астаны, Караганды, Степногорска, Астраханки и Егиндыколя. В результате упорной двухдневной борьбы победителем признана сборная из села Астраханка, вторыми – волейболистки из

Караганды, и третьими стала команда из Егиндыколя. Победители и призеры турнира были награждены кубками, грамотами и денежными призами. Говорят, что человек умирает тогда, когда умирает последнее воспоминание о нем. Жаман Усербаевич будет жить вечно, потому что тепло его большого, доброго

сердца навсегда останется в сердцах его земляков, его детей и внуков.

Соб.инф



Олег Юрьевич Хараборкин 1979 жылы 12 тамызда Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Капитоновка ауылында дүниеге келген.

9-сыныпты бітірген соң еңбек жолын бастады. 19 жасынан бастап ауыл шаруашылығында еңбек етеді. Еңбек еткен жылдары ауылшаруашылық техникасымен жұмыс істеудің мол тәжірибесін жинақтап, оның әртүрлі түрлерін басқаруды меңгерді, бұл оның осы саланың жоғары білікті маманы болуына мүмкіндік берді.

Олег Юрьевич өзін тәртіпті, әдепті, жауапты және тапқыр қызметкер ретінде көрсетті. Ол жоғары тиімділігімен, міндеттерді орындаудағы ұқыптылығымен және қиын жағдайларда тиімді шешімдерді таба білуімен ерекшеленеді. Еңбек өтілі 27 жыл. 2018 жылдан бері Егіндікөл ауылында «Ержан» шаруа қожалығының бригадирі болып 7 жыл жемісті еңбек етіп келеді.

Ол ауыл шаруашылығы саласын одан әрі дамыту жолында кәсіби және жеке қасиеттерге ие өзінің бай тәжірибесін өз жұмысында қолдануға дайын.

И.Калашникова,

Егіндікөл ауылы әкімінің аппараты бас маманы

Избран новый состав Общественного совета

26 марта 2025 года, в соответствии со статьей 13 Закона Республики Казахстан «Об общественных советах» под председательством Топорковой О. А. – руководителя рабочей группы по формированию Общественного совета, проведено первое организационное заседание нового состава Общественного совета Егиндыкольского района на 2025-2028 годы.

Из 10 членов Общественного совета нового состава присутствовали 8 членов, первоочередной задачей которых являлось избрание председателя, состава президиума и комиссии Общественного совета.

Единогласным решением председателем Общественного совета Егиндыкольского района избрана Гурбанова Светлана Михайловна.

В соответствии со статьей 5 Закона сформированы комиссии по следующим направлениям:

- по вопросам экономики и местного государственного управления;
- по социальным вопросам и работе с общественностью;
- по вопросам законности, правопорядка и противодействию коррупции.

Председателем комиссии по вопросам экономики и местного государственного управления избрана Кусаинова Гаухар Акылбековна. Председателем комиссии по социальным вопросам и работе с общественностью избрана Селицкая Оксана Николаевна. Председателем комиссии по вопросам законности, правопорядка и противодействия коррупции избран Асай Егинбай Омирбаевич.

Президиум Общественного совета избран в следующем составе:

Гурбанова Светлана Михайловна – председатель Общественного совета;
Алпыспаев Ренат Мухамеджанович – член Общественного совета;
Кусаинова Гаухар Акылбековна – член Общественного совета.

В соответствии со статьей 5 Закона, положение об Общественном совете Егиндыкольского района утверждено 4 марта 2025 года.

В заключительной части заседания председатель Общественного совета призвала своих коллег к активной деятельности в рамках своих полномочий.

Соб.инф

Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс: 2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru

Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна	Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі. Жарнама берушілер жіберген кәсіптіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін.	Газет «Алтын астық» газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Астана қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты.	Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балшық Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия	Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.
--	---	---	--	---	--